Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы
Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі- 27.02.2023-03.03.2023ж.
Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | ***Дүйсенбі 27.02.2023*** | ***Сейсенбі 28.02.2023*** | ***Сәрсенбі 01.03.2023*** | ***Бейсенбі 02.03.2023*** | ***Жұма 03.03.2023*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Түлкі мен қырғауыл". Мақсат-міндеттер: балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Ертегі желісінің сюжетті суреттерін бояу. **(сурет салу)** | **Дидактикалық ойын «Ғажайып кітап».** Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын ертегілердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. **(танымдық дағдылар)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ән салып, құс келді". Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Бата беру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы ән айту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***“Көктем туралы тақпақты жаттау”***<br>***Мақсаты:***Балалардың ұғымында тақпақ туралы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру; көктем мезгіліндегі құбылыстардың ерекшелектері туралы түсініктер жиынтығын тиянақтау. Балаларды көктем туралы тақпақты еске сақтауды және жаттауға үйрету; көркемсөзді мәнерлеп айту дағдыларын жетілдіру; тақпақ мәтініндегі көктемді | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Көркем әдебиет “ Аурудан аяған күштірек”***<br>**Мақсаты:**Балаларды Ы. Алтынсариннің «Аурудан аяған күштірек» әңгімесімен таныстыру, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; әңгімедегі Сейіттің әжесінің жанын ауыртпай, ауруға шыдамды болуына балалардың қызығушылығын тудыру; «Дені саудың - жаны сау» мақалының мағынасын түсіндіру. | ***Сурет салу***<br>***“Торғай ұшып келді”***<br>**Мақсаты:** Балаларға ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасын үйрету; зейінін, көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту; көктем мезгіліне тән құбылыстарын байқауға тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «жылғалардан су ақты» сөз тіркесін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, ритмикалық жаттығу, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Математика негіздері***<br>***“Алдар көсенің мерекелік сыйлары”***<br>**Мақсаты:** Балаларға қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді сілтеуішпен нұсқап санап, жиын санын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру; әртүрлі заттардың жиынын санмен белгілеу туралы түсінік беру; геометриялық денелер туралы ұғымдарды пысықтау; Наурыз мерекесіне қатысты әдептілік ережелерін тиянақтау; геометриялық денелерді ажыратуға, қасиетін анықтауға, | ***Қазақ тілі***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Қоршаған ортамен танысу***<br>**“Астанаға саяхат”**<br>**Мақсаты:**Балаларға Астана қаласының әсем ғимараттарын таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету; Астана қаласының басқа қалалардан ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту; еліміздің бас қаласын құрмет тұту сезімін тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>«Ақорда», «Президент резиденциясы», «Бәйтерек», «Думан» ойын-сауық орталығы, «Мұхитарал», «Пирамида»,«Хан шатыр», «ЭКСПО-2017» сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Сәлемдесу, ой қозғау, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерін өз жауаптарында пайдалану біліктерін бекіту; сөз таптарын ажырату негіздерін қалыптастыру; есту, көру, түйсіну, еске сақтау қабілеттерін, ой-өрісін, елестетуді, эстетикалық талғамды дамыту, тұлғааралық қатынастарды нығайту. Балалардың көктем мезгілінде болатын табиғат өзгерістеріне және сөздің әсемділігіне қызығушылықтарын қалыптастыру, байқампаздыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>Балалардың сөздік қорына: сарқырайды, адымы нәзік, жайылады, тасиды, ериді, ағады, атады сөздерін қосу.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, суреттер немесе шағын бейнеролик негізінде кіріспе әңгіме құру, тақпақты мәнерлеп оқу, топтар арасында іс-тәжірибе негізіндегі сөздік жұмыс, | Әңгімедегі көркемсөз арқылы балалардың сөздік қорын молайту; әңгіме мазмұны бойынша зейіні мен қиялын, тілі мен еске сақтау қабілетін дамыту. «Аурудан аяған күштірек» әңгімесіне балалардың қызығушылықтарын ояту; кейіпкер Сейіттің шыдамдылығына құрметпен қарауға және ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға, әдепті болуға тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>«Дені саудың - жаны сау» мақалын, «аурудан аяған күштірек», «аңдаусыз аяғын сындырыпты...», «дыбысын шығармай, қабағын да шытпай» сөз тіркестері мен сөйлемдерін айтқызу арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіменің мазмұнына байланысты суреттер көрсету, | беру, артикуляциялық жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия, бақылау.<br>**Жапсыру**<br>***“Оюлы текемет”***<br>***Мақсаты:*** Балаларды түрлі-түсті қағаздан текеметті жапсыруға үйрету; сары түсті қағаздың бетіне "қошқар мүйіз" қимаүлгісін қойып, қарындашпен басып, сызық бойымен қиып алып, жасыл түсті тіктөртбұрыштың бетіне қарама-қарсы бағытта жапсыруға үйрету; балалардың қағаз бетін дұрыс бағдарлай алу қабілеттерін дамыту; текемет және ою туралы білімдерін толықтыра отырып, текеметтің ерекшелігін тани білуге, қиялдау қабілеттерін қалыптастыру; таза әрі ұқыпты жұмыс жасауға ынталандыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "ою", "қошқар мүйіз", "текемет", "тіктөртбұрыш", "желім | көлемі туралы қорытынды жасау іскерлігін іс-тәжірибе арқылы қалыптастыру; ойын барысында өзіне қарай кеңістіктегі оң, сол, алдыңғы, артқы жақтарын ажыратуды жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, қабылдау, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Балаларды үлкен адамға, қонаққа құрмет көрсетуге, тәртіптілікке, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа, тәрбиелеу.<br><br>*Сөздік жұмыс*<br>Балаларға «барлығы, жиыны», «қанша пішін бар, сонша асық салдым», «геометриялық дене», «жазық емес», «көлемді», «оң жаққа», «сол жаққа», «алға», «артқа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br><br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, көркемсөз, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстелде зерттеу жаттығуы, | сергіту сәті, пысықтау, өзін-өзі бағалау.<br><br>***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сахналау жаттығуы, топтардың мнемокесте негізінде тақпақты жаттау жаттығуы, топтар арасында логикалық сөздік жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br><br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | әңгімені мәнерлеп оқу, әңгімедегі кейіпкерлердің сөздерін қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Әңгіме желісіне сай суреттерді тап» дидактикалық ойын. | жағамын" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретпен жұмыс, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздік іс-әрекет, қозғалмалы би терапиясы, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | азқимылды дамытушы ойыны, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың алғашқы еруін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерден қар бірдей еріп кетпейді? Күн сәулесі мен жарық жердің қарлары тез еритіндігі туралы балаларға түсіндіру. Байқампаздықты дамыту.<br>**Қимылды ойын.** | **Күннің көзін бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.**<br>Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру, шешімін жасау. | **Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Ауа райы жағдайы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер». (дене шынықтыру)**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Өсімдіктерге су құю. **(еңбек дағдылары)**<br>Балалар тәрбиешінің | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аудару. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Қоңырау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Жүгір-отыр-жүгір!» (дене шынықтыру)** Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!» балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!» отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекеттерін қалыптастыру. **Еңбек.**Терезе алдындағы бақша (суару). **(еңбек дағдылары)** Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау. | **Қимылды ойын: «Күн мен түн». (дене шынықтыру)** Рөлдерде ойнағанда өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. **Еңбек.** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыттады, жоғарылатып жинайды. **(еңбек дағдылары)** Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Ойын ережелерін сақтап, жауапты рөлдерді орындай білуге үйрету. **(дене шынықтыру)** | **Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру)** Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау. **Еңбек.** Ауладағы еңбек. **(еңбек дағдылары)** Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** Сүйікті ойыншықтармен ойын. Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | басқаруымен аулада пайдалы еңбекпен айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерді ұқыпты күтуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Аулада ойын ойнау. **(дене шынықтыру)** Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау. | тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек.** Тұқымды отырғызу. **(еңбек дағдылары)** Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Дәлізде ойын ойнауға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Алма» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру;<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Массажды алашалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау.<br>**(дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Қауіпсіздік ережесі***<br>“Көктемдегі қауіпсіздік”<br>**Мақсаты:** Көктемдегі қауіпсіздік туралы түсіндіру. | ***Үйірме “Ұлттық ойындар”***<br>*Педагог жоспары бойынша* | ***“Оқуға құштар балабақша”***<br>«Ашылмалы кітапшалар»<br>**Мақсаты:**«Қызыл қоңыз» ашылмалы кітабы арқылы, балалардың қызығушылығын арттыру | ***Эстафеталық ойындар***<br>« Көжектер мен түлкілер »<br>**Мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа қушылыққа баулу. | ***Желілі рөлді ойын***<br>«Балабақша»<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекті құрметтей білуге баулу. «Сәлеметсіз бе, сау болыңыз, кешіріңіз», т.б сыпайы сөздерді дер кезінде айтқыза отырып, сыпайгершілікке баулу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Айзереге Жаңылтпаштар жаттау.**<br>Үміт түбіт түтті,<br>Түбітті түтіп бітті.<br>Оюға ою өрнектеп,<br>Үйрет өстіп қолды ептеп.<br>Құлық таудан,<br>Құлық бие көрдім.<br>Қуанғаным —<br>құлындапты.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Алиханға Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу.**<br>Мақсат-міндеттер: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Өркен Мақал-мәтелдер жаттау.**<br>Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал.<br>Әдепті бала – арлы бала,<br>Әдепсіз бала – сорлы бала.<br>Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Алижанға "Құстар келді" тақпағын жаттау.**<br>Биікке, биікке<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ержігітке "Сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; | | | | |

| | |
|---|---|
| | - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Отбасылық салт-дәстүр» атты тақырыпта әңгімелесу.<br>«Қайырымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. |

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі- 06.03.2023-10.03.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | ***Дүйсенбі 06.03.2023*** | ***Сейсенбі 07.02.2023*** | ***Сәрсенбі 08.03.2023*** | ***Бейсенбі 09.03.2023*** | ***Жұма 10.03.2023*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу.<br>Жоба "Әсем гүлдер". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетіггі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. . **(еңбек дағдылары)** | | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; **(еңбек дағдылары)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жылғалардан су ақты" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | "Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | | Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған** | **Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекеттер**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***“Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу”***<br>***Мақсаты:***Балаларды жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, «жеті ата шежіресі» ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; туыстық атауларды жаттау; тақпақ мазмұны бойынша сұрақ-жауап барысында диалог сөйлеу дағдыларын жетілдіру; монолог сөйлеуді үлгі бойынша құрастыруға жаттықтыру; құлақпен есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, ой-өрісін<br>дамыту. Балаларды қазақ халқының дәстүрлері мен ауыз әдебиеті үлгілеріне қызықтыру, Наурыз мейрамын қуанышпен қарсы алуға, топта ұйымшылдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>Балалардың сөздік қорына: жеті ата шежіресі, арғы ата, баба, тек ата, түп ата, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, туажат | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Көркем әдебиет*** **“Түлкі мен қырғауыл”**<br>**Мақсаты:**Балаларды «Түлкі мен қырғауыл» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, мәтіндегі кейіпкерлердің сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылауға дағдыландыру; көктемде ұшып келетін құстар туралы білімдерін кеңейту. Ертегі мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, еске сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; ертегі жанрына қызығушылығын қалыптастыру, белсенділігін арттыру; өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне, құстарды аялауға тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>«Көктем жаршысы - құстар», «Түлкі мен қырғауыл», «Биылғы заман бұрынғы емес!», «Біреуге біреу зорлық | | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Математика негіздері***<br>***“Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар”***<br>**Мақсаты:** Балалардың ұғымындағы заттардың қалыңдығы туралы білімдерін кеңейту, «ең қалың», «жұқалау», «ең жұқа» ұғымдарын жетілдіру; асық және оның түсу қалыптары туралы түсініктер аясын кеңейту; құрамында үш түрлі қалыңдығы бар материалдардың қалыңдығы бойынша көлемін сәйкестендіру біліктерін арттыру; асықты екі саусақпен ұстап, бірнеше қалыптарға түсіру техникасын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларда қазақ ұлттық ойындарына қызығушылықты ояту, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>Балаларға «ағаш өнімдері», «ұзындығын салыстырамын», «енін | ***Қазақ тілі***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Қоршаған ортамен танысу***<br>**“Ән салып құс келді”**<br>**Мақсаты:**Балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету; көктем жаршысы - құстар туралы білімдерін кеңейту. Балалардың құстарды бақылап отырып, олардың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және құстарды аялай білу сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Көктем жаршысы - құстар", "ән салып, құс келді", "ұя салады", "жұмыртқа", "басады", "көңілді", "ән салады", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>«Ағадан – ақыл, атадан – нақыл» мақалын айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>*Әдіс тәсілдер*<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиоджазбаны тыңдау, суреттер сериясын көрсету, суреттер мазмұны бойынша әңгімелесу, миға шабуыл сөздік жаттығуы, тірек сызба суретімен сөздік жұмыс, жаңылтпаш айту, сөздік қимылды жаттығу, тақпақты мәнерлеп оқу, тақпақты топтар арасында тірек сызба негізінде мәнерлеп айту жарысы, сергіту сәті, мақал жаттау, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br><br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | қылмасқа!», «Түлкі мен тауық бірге жүрсін деген», «Көгершін мен қаршыға бір ұяға жұмыртқаласын деген» сөйлемдерін айтқызу арқылы сөйлеу тілін дамыту.<br>*Әдіс тәсілдер*<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан ертегі желісін көрсету; ертегіні мәнерлеп оқу, ертегідегі кейіпкерлерді сахналау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Көктемде келетін құстарды тап» дидактикалық ойыны. | | салыстырамын», «қалыңдығын салыстырамын», «беттестіремін», «тұстаст ырамын», «ең қалынды ең қалыңына», «жұқалауын жұқалауына», «ең жұқаны ең жұқаға», «алшы», «тәйке», «шік», «бүк», «омпа», «шоңқа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br><br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, затты көрсету,<br>көркемсөз, үстелде зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, азқимылды дамытушы ойын, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу, балалардың іс-әрекетін<br>бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан құстардың көктемгі тіршілігінен суреттер көрсету, пысықтау, "Жыл құстарын топта" дидактикалық ойыны<br><br>***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Аулада тазартушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек). (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Тамшыны бақылау. (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тамшыға назар аударып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>**Қимылды ойын: «Құлыншақтар». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру).<br>**Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету.<br>**Еңбек:** Аулада үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. **(дене шынықтыру)** | | **Бақылау.** Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діңдерін салыстыру.<br>**Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай өзінің орнына қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** «Ағаштың жан-жағын қопсыту». **(еңбек дағдылары)**<br>Берілген жеке тапсырмаларды орындауға үйрету. Тәрбиешіге көмек беруге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асырту. | бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>**Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене шынықтыру)**<br>Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Балықтарды тамақтандыруға үйрету. Еңбекке деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Көпіршік сабын буларды үрлеу». **(дене шынықтыру)**<br>Балалар арасында қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Батпан құйрық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Қауіпсіздік ережесі***<br>“Қардың еруі”<br>**Мақсаты:** Табиғат аясында болып жатқан өзгерісті бейнелеуге үйрету. Балалардың байқағыштығын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | ***Үйірме “Ұлттық ойындар”***<br>*Педагог жоспары бойынша* | | ***Эстафеталық ойындар***<br>**« Торғайлар мен мысық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу | ***Желілі рөлді ойын***<br>«Балабақша»<br>**Мақсаты:** Тәрбиеші мамандығымен таныстыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Аяулымға "Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын | **Арсланға Саусақ жаттығулары**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып | | **Әмірханға Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. | **Аңсарға «Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>**(көркем әдебиет)** | Киіз үй боп көрінер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | **(сурет салу)** | **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі.<br>"Бала тілін қалай дамытамыз?"<br>Жоба "Әсем гүлдер" | | | | |

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі- 13.03.2023-17.03.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | ***Дүйсенбі 13.03.2023*** | ***Сейсенбі 14.03.2023*** | ***Сәрсенбі 15.03.2023*** | ***Бейсенбі 16.03.2023*** | ***Жұма 17.03.2023*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру.** Суреттер бойынша әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау. **(танымдық дағдылар)** | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** | **Ұлттық ойын. Бес тас** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. **(математика негіздері)** | **"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту. **(жапсыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Салт-дәстүрлер» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Фольклор туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***“Дастарханды жаайық”***<br>***Мақсаты:***<br>Балаларға қонақты қарсы алу, дастарқан жаю дәстүрі туралы түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Көркем әдебиет*** **“Таза бұлақ”**<br>**Мақсаты:**Балаларды «Таза бұлақ» әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі кейіпкерлердің сөзіне зейін қойып, | ***Сурет салу***<br>***“Тұмарша”***<br>**Мақсаты:** Балаларға қағаздың бетіне тұмаршаның үшбұрышын салып, сұлбасының іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру тәртібіне үйрету; «ирек», «мүйіз» ою элементтерін салу техникасының шеберлігін | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Математика негіздері***<br>***“Зымыранның түрлі құрылысы”***<br>**Мақсаты:** Балалардың геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру; алыс және жақын жердегі белгілі объектілердің | ***Қазақ тілі***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Қоршаған ортамен танысу***<br>**“Таза су”**<br>**Мақсаты:**Балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауларын, олардың жасалу негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау; Наурыз мейрамына байланысты салт-дәстүрлер туралы түсініктерді қалыптастыру; дидактикалық ойындар арқылы өзара еркін қарым-қатынас орнату дағдыларын жетілдіру; дастарқан жаю дәстүрін еске сақтап, байланыстыра сөйлеу арқылы сүйемелдеуге машықтау; ойлау, қатынастық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; Наурыз мерекесі аясындағы дәстүрлер мен ойындарға сүйіспеншілігін арттыру; дұрыс тамақтану тәртібіне, достыққа, қонақжайлыққа тәрбиелеу.<br>*СӨЗДІК ЖҰМЫС*<br>Балалардың сөздік қорына: наурызкөже, сүт өнімдері, ұн өнімдері, тәттілер сөздерін қосу. Әртүрлі жармалар мен ұлттық тағамдардың атауын білдіретін сөздер мен фразаларды айтқызу | мұқият тыңдауға үйрету; әңгіме кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру; жылға туралы білімдерін кеңейту. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; адамгершілік тақырыбындағы шығармаларға қызығушылықты қалыптастыру. Балалардың оқу қызметінде белсенділігін арттыру; жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>*СӨЗДІК ЖҰМЫС*<br>«Жылғалардан су ақты», «Таза бұлақ», «Шыныдай жылтылдап тұрған», «Әдемі, таза бұлақ», «Болсаң осы бұлақтай бол!», «Бұл жазылған ақыл сөз екен!», «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта!» сөздерін пайдалану.<br>*ӘДІС-ТӘСІЛДЕР*<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді | арттыру;<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «Әз Наурыз», «тұмарша», «шашақтар» сөз тіркестерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суреттер сериясын көрсету, көркем сөз, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, логикалық жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия, бақылау.<br>**Мүсіндеу**<br>***"Ұлттық әшекейлер"***<br>***Мақсаты:***Балаларды қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары және зергер мамандығыме н таныстыру; тұзды қамырдан сырғаны мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің домалақтау, есу, балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту; ұлттық әшекей бұйымдарын қастерлеуге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым | геометриялық пішіндер мен денелерге ұқсастығы жөнінде ұғымдарын дамыту; алыстағы ғарыш пен жақын жердегі кеңістік туралы түсініктерді ұлғайту. Балалардың алыс не жақын жерде жатқан объектілерді геометриялық пішіндер және денелермен салыстырып сәйкестеу іскерлігін жетілдіру; зымыран құрамындағы әркелкі орналасқан геометриялық пішіндерді байқап ажыратуды, сәйкес жиын санын белгілеу дағдыларын қалыптастыру; ой түйінін сөзбен жеткізу алгоритмін игерту; кеңістік пен жазықтықты бағдарлау, көзбен қабылдау, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Балалардың жақын және алыс жатқан құбылыстар әлеміне қызығушылықтар ын дамыту, тиянақтылыққа, ойшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>*Сөздік жұмыс*<br>Жаттығуды орындау барысында: «ғарыш әлемі», «геометриялық денелер», «геометриялық | мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету; жылғалар туралы білімдерін кеңейту. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Суға танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және суды ластамауға, үнемдей білуге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Жылғалардан су ақты", "судың қасиеті", "ағады", "сылдыр-сылдыр", "мөлдір", "таза", "пайдалы", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ой-қиял сәті, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан жылғадан ағып жатқан судың бейнебаянын көрсету, пысықтау, "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.<br>***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>*ӘДІС-ТӘСІЛДЕР*<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, суреттің мазмұны бойынша сөздік жұмыс, суретті карточкалар арқылы тақпақ мазмұнын құру сөздік жұмысы, сергіту сәті, дидактикалық ойын, іс-тәжірибе негізіндегі сөздік жұмыс, мақал жаттау, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | тақтадан әңгіме желісін көрсету; әңгімені мәнерлеп оқу, әңгімедегі кейіпкерлерді сахналау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Бұлақтың суретін тап» дидактикалық ойыны. | сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «қобдиша», «тұзды қамыр», «ұлттық әшекей бұйымдары», «сырға», сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, саусақ жаттығуы, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілін көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, «жүректен жүрекке» шеңбері.<br>***Құрастыру***<br>***"Үй жиһаздары"***<br>***Мақсаты:***Балаларға тақтайша, кірпіш, текшесі бар құрылыс материалдары жинағынан үй жиһаздарын құрастыруды үйрету; құрылыс материалдарының бөліктерін зерделеу: екі үй жиһаздары туралы білімдерін толықтыру; достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «текше», | пішіндер», «конус», «шар», «цилиндр», «текше», «жиыны», «зымыранның сызбасы» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br><br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, сурет (бейнеролик) бойынша әңгімелеу, үлгілі іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, босаңсыту жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «кірпіш», «тақтайша», «тігінен», «көлденең» , «үй жиһаздары», «төсек», «шкаф», «диван» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру.<br>**Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)**<br>Балаларға жаттығуларды шеңбер | **Қарды, қар түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару.<br>**Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал».** | **Қар суын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.**<br>Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. "Горелки" (орыс** | **Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру.<br>**Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру)**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты | **Күннің шұғыласын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Бақылау.**<br>Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.<br>**Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.<br>**Еңбек.** Жолдарды қардан тазарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. **Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)** Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Әткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек. | **(дене шынықтыру)** Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. **Еңбек.** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Спорт алаңындағы ойындар. **(дене шынықтыру)** | **халқының ойыны). (дене шынықтыру)** Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар.** Қар бетіне сурет салу. **(сурет салу)** Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау. | төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. **Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру)** Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. | еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Пойыз» ойын жаттығулары. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды** | ***Қауіпсіздік ережесі*** "Жол ережелері" **Мақсаты:** Жолдағы | ***Үйірме "Ұлттық ойындар"*** *Педагог жоспары* | ***"Оқуға құштар балабақша"*** **"**Көңілді балабақша | ***Эстафеталық ойындар*** **"Допты қуып жет."** | ***Желілі рөлді ойын*** **«Отбасы»** **Мақсаты:** Балаларға «Отбасы» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | қауіпсіздік ережесімен таныстыру | *бойынша* | жаттығу кітабы" **Мақсаты:**Балаларға осы кітапша арқылы көркем суреттер, көңілді ойындар мен қызықты жаттығулар арқылы түстер, пішіндер, әріптер мен сандарды таныуды үйрету | **Мақсаты:**Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. | түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ақтөреге "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. **(математика негіздері)** | **Алиханға Саусақ жаттығуы.** Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық. Уықтар боп иіліп, Киіз үйді құрайық **(сөйлеуді дамыту)** | **Жаңылтпаштар жаттау.** Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Айбүбіге "Наурыз" өленің жаттау.** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Нурсултанға Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".** Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қим сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.<br>«Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. |

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі-20 .03.2023-24.03.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | ***Дүйсенбі 20.03.2023*** | ***Сейсенбі 21.03.2023*** | ***Сәрсенбі 22.03.2023*** | ***Бейсенбі 23.03.2023*** | ***Жұма 24.03.2023*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Менің көңіл-күйім»** Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . | | | | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем | | | | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***“Ғарышқа саяхат”***<br>***Мақсаты:*** Балаларды қатаң [қ] және ұяң [ғ] дауыссыз дыбыстарымен таныстыру; дауыссыз дыбыстардың қатаң және ұяң болуы туралы түсініктер беру; адамды ғарышқа ұшыру, ғарыш пен ғарыш көлігі туралы түсініктер жиынтығын қалыптастыру. Балаларға [қ], [ғ] дауыссыз дыбыстарының артикуляциясын үйрету; [қ], [ғ] дауыссыз дыбыстарының қатаң және ұяң болуына көңілдерін аудару; дауыссыз дыбыстарды буын және сөз құрамында дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; осы дыбыстардың сөздердің құрамындағы орнын | | | | ***Қазақ тілі***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Қоршаған ортамен танысу***<br>**“Бәйшешек”**<br>**Мақсаты:**Балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, дұрыс атай білуге үйрету; наурыз айындағы салт-дәстүрлер мен фольклор туралы білім беру. Балалардың бәйшешекті бақылап отырып, олардың пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Бәйшешек туралы білімдерін қалыптастыру. Бәйшешекке танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; балаларды оқу қызметінде эстетикалық мәдениет пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табуды үйрету, құрамында [ғ] дыбысы бар сөздерді қарапайым мәтінде есту қабілетін арттыру; құлақпен есту зейіннін, фонематикалық есту, елестету, ойлау қабілеттерін жетілдіру, зейін мен қиялды дамыту. Балаларды байқағыштыққа, зияткерлікке тәрбиелеу, білімқұмарлыққа құштарлықты ояту.<br>*СӨЗДІК ЖҰМЫС*<br>Балалардың сөздік қорына: ғарыш, ғалым, ғарышкер, ғарыш кемесі, найзағайдай жарқ етіп, қылыштай, бұрыштай сөздерін айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>*ӘДІС-ТӘСІЛДЕР*<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, артикуляциялық жаттығу, мнемокарточка негізінде жаңылтпаш айту сөздік жаттығуы, пантомима негізінде тақпақ жаттау жаттығуы, рефлексия, әңгіме оқу, зейінге жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. ***Дене*** | | | | адамгершілік ережелеріне және туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Салт-дәстүрлер және фольклор", "бәйшешек ", "қар еріді", "ашық жер", "қармен бірге", "қардың астынан", "алғашқы гүл", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан бәйшешек туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, "Бәйшешекті тап" дидактикалық ойыны, бөлме гүлін күтіп-баптау ойыны.<br><br>***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>«Пойыз» ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Қауіпсіздік ережесі***<br>"Терроризмге қарсы қауіпсіздік"<br>**Мақсаты:** өмір қауіпсіздігін арттыру арқылы білімдерін жетілдіру. | | | | ***Желілі рөлді ойын***<br>**«Отбасы»**<br>**Мақсаты:** Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Айқынға Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер. | | | | **Бекарысқа "Көңілді сан" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)** | | | | ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.<br>Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау. |

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі- 27.03.2023-31.03.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | ***Дүйсенбі 27.03.2023*** | ***Сейсенбі 28.03.2023*** | ***Сәрсенбі 29.03.2023*** | ***Бейсенбі 30.03.2023*** | ***Жұма 31.03.2023*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".** Мақсат-міндеттер: балаларды тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу. Ойын барысы. Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету. | **"Қазақ ою-өрнектерінің орнын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға қазақтың ою-өрнектерін ажыратып, кез келген кескіннің бетіне дұрыс таңдап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру. **(қоршаған ортамен танысу)** | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. **(танымдық дағдылар)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Оюлы текемет". Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, қошқар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және оң жағына оюды жапсыруға үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | "Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***"Төрт түлік мал туралы тақпақ оқу"***<br>***Мақсаты:***<br>Балаларға төрт түлік мал туралы тақпақты таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, малдың құты, қасиеті туралы баяндау; адамның көктем өзгерістеріне байланысты еңбегі туралы мағлұматтар беру. Балаларға қазақ халқында қалыптасқан төрт түлік малдың атауын еске сақтап, олар туралы тақпақты айтуға қызығушылықтарын арттыру, тақырып бойынша диалогтарға | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Көркем әдебиет "Баланы қырқынан шығару"***<br>**Мақсаты:**Балаларға баланы қырқынан шығару рәсімін таныстыру, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауды үйрету; баланы қырқынан шығару рәсімінің ережесін үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру; баланы қырқынан шығару рәсімінің халықтың әдет-ғұрпындағы алатын маңызы туралы түсінік беру; өнер мен салт-дәстүрдің және | ***Сурет салу***<br>***"Кебежені безендіру"***<br>**Мақсаты:** Балаларға кебеженің сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруді үйрету; тіктөртбұрыштың ортасына «тышқан ізі», бұрыштарына «балтаны», шеттеріне «ботагөзді» салып орналастыру техникасын қалыптастыру; қағаз бетін бағдарлау, пішіндерді қабылдау және ажырату біліктерін жетілдіру; қазақтың қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «кебеже», | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Математика негіздері***<br>***"Бес төлді жарыстырайық"***<br>**Мақсаты:** Балаларға ұзындықтың бес түрлі көлемі туралы ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау «саны қанша, сонша», «тең», «артық», «кем» ұғымдарын қалыптастыру, заттардың биіктігі жөніндегі білімдерін жетілдіру; үй жануарлары төлдерінің тіршілігі туралы ұғымдарды анықтау. Балалардың бес жолақты ұзындығы бойынша тұстастыру, | ***Қазақ тілі***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Қоршаған ортамен танысу***<br>**"Төлдер"**<br>**Мақсаты:**Балаларды төрт түліктің тіршілік ету ерекшеліктерімен таныстыру; қолда өсірілетін төрт түлік түрлері мен үй жануарларына күтім жасау және олардың пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атай білуге үйрету; төрт түлікті бағып-қағу да халықтық өнер екендігі туралы білім беру. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік малдың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсенді қатысу, толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру;<br>құлақпен есту зейінін, еске сақтау, ойлау, қабілеттерін дамыту. Балаларға төрт түлік малды қастерлеуге тәрбиелеу, дұрыс, сыпайы сөйлеу мәдениетінің негіздерін салу.<br>*СӨЗДІК ЖҰМЫС*<br>Балалардың сөздік қорына: төрт түлік мал, ойсыл қара, қамбар ата, шопан ата, зеңгі баба сөз тіркестерін қосу. Көгал, көк шөп, көк жайлау сөз тіркестерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>*ӘДІС-ТӘСІЛДЕР*<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу және сөздік жұмыс, тақпақты мәнерлеп оқу, тақпақтың мазмұны бойынша үзінділерді жаттау жаттығуы, тақпақтың мазмұнын пысықтау диалог жаттығулары, артикуляциялық жаттығу, көркемсөз, тақпақты мнемокесте негізінде қайта | фольклордың тығыз байланысы жөнінде мағлұмат беру. Баланы қырқынан<br>шығару рәсімі арқылы балалардың сөздік қорын молайту; зейіні мен тілін, еске сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын ояту; халықтық дәстүрді құрметтеуге, оны<br>сақтауға, имандылық ережелеріне тәрбиелеу.<br>*СӨЗДІК ЖҰМЫС*<br>«Салт-дәстүрлер және фольклор», «Қырық күн сәби үшін де, анасы үшін де маңызды», «Қырық күнге дейін сәбиді көпшілікке көрсетуге болмайды» сөйлемдерін айтқызу арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.<br>*ӘДІС-ТӘСІЛДЕР*<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан баланы қырқынан<br>шығару рәсімінің желісіне сай суреттер көрсету; рәсім ережелерін мәнерлеп айту, рәсімге байланысты көркемсөзді қайталау, | «ит құйрығы», «ботагөз» сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Кіріспе әңгімелесу, көркем сөз, затты зерттеу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия, бақылау.<br>**Жапсыру**<br>***“Аквариумдағы балықтар”***<br>***Мақсаты:***Балаларды қағаздан оригами әдісін пайдалана отырып, "аквариумдағы балықтар" жапсырмасын жасауға үйрету; көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, аквариум және оның түрлері жайлы білімдерін дамыту; қағаз бетіне ұқыпты, таза жапсыру, қол қимылын жаттықтыру; оқу қызметінен алған әсерлерін түстерді таңдау арқылы білдіре алу іскерліктерін дамыту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу | беттестіру, салыстыру дағдыларын жетілдіру; екі түрлі екі заттың биіктігіне қарамай, олардың құрамындағы геометриялық пішіндердің санына көңіл аударып жиынын айту, санмен белгілеп, салыстыруды үйрету; ұзындығы бойынша бес затты, заттар жиыны мен сандарды салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, көзбен мөлшерлеу, еске сақтау қабілеттерін, ойлау мен ой-өрісін дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ұғымталдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br><br>*Сөздік жұмыс*<br>Жаттығуды орындау барысында: «ұзындығы бес түрлі жолақ», «ең қысқа», «сәл ұзындау (қысқалау)», «одан да ұзындау (қысқалау)», «одан да сәл ұзындау (қысқалау)», «ең ұзын», «кем», «артық», «тең», «биік», «аласа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін | Төрт түлік малдың төлдеріне танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; балаларды оқу қызметінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жануарларға деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Өнер көзі - халықта", "төрт түлік", "сиыр", "жылқы", "түйе", "қой", "ешкі", "есек", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан төрт түлік малдың төлдері туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, "Төлдерін ата" дидактикалық ойыны<br>***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәнерлеп оқу, пантомима негізінде сөздік жаттығу, тақпақты жатқа айту және мазмұнын сахналау жаттығуы, зейінге жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | миға шабуыл, кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау. | қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "аквариум", "балық", "төртбұрыш", "оригами", "үшбұрыш", "су", "желім жағамын" сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздік іс-әрекет, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия. | жетілдіру.<br><br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркемсөз, панно және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында, кілемде дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру<br>**Тәжірибе.** Құмырадағы | **Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Қимылды ойын.** | **Ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.** Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене** | **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.**<br>Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру)** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Бақылау.**<br>Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру)**<br>Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады.<br>**Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету.<br>**Еңбек.** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**(дене шынықтыру)** | **«Орман дақтары». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Еңбек.** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. | **шынықтыру)**<br>Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу.<br>**Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>«Доппен ойнаймыз». | Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйрету. | бүркақпен жапырақтарға су себелеу.<br>Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | «Ақылды егінші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықты**ру) | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Қауіпсіздік ережесі***<br>«Не артық?»<br>**Мақсаты:** Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өміріміzге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету. | ***Үйірме "Ұлттық ойындар"***<br>*Педагог жоспары бойынша* | ***"Оқуға құштар балабақша"***<br>«Көңілді балабақша»<br>**Мақсаты:**Балалардың білімге деген қызығушылығын қиялын, оятып жаңа дағдыларды көңілдене жүріп үйренуге ынталандыру | ***Эстафеталық ойындар***<br>«Кімнің шары алысқа ұшады?»<br>**Мақсаты:** Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру. | ***Желілі рөлді ойын***<br>«Почташы»<br>**Мақсаты**: Балаларды еңбекті құрметтеуге, ізгілік, инабаттылық, әдептілікке тәрбиелей отырып, ой-өрісін, танымын кеңейту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ержігітке «Сиқырлы суреттер».**<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. | **Үмітке«Жеміс-жидектерді ажырат».**<br>Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. | **Бекарысқа** Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу. | **Дарияға «Таныс пішіндер доминосы».**<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. | **Інжуге Кел, жазайық.**<br>Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.<br>«Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. |

Тексерген: